

**«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ
Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілді
2017 жылғы 16 тамыздағы № 32/17**

**«ҚАЗЫНА КАПИТАЛ МЕНЕДЖМЕНТ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ**
(2021.29.12. берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#))

Астана, 2017 жыл

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) бүкіл мәтін бойынша «Аффилирленгендер», «аффилирленгендерді», «аффилирленгендерге», «аффилирленгендермен», «аффилирленгендік» сөздері «Аффилирленгендер», «аффилирленгенді», «аффилирленгендерге», «аффилирленген», «аффилирленгендік» сөздермен және бүкіл мәтін бойынша «Инвестициялық қорлар», «Инвестициялық қорлардың», «Инвестициялық қор», «Инвестициялық қорларға», «Инвестициялық қорлармен» сөздері тиісінше «Тікелей инвестициялар қоры», «Тікелей инвестициялар қорлары», «Тікелей инвестициялар қорымен», «Тікелей инвестициялар қорына», «Тікелей инвестициялар қорларына» сөздермен ауыстырылды ([бұр.ред.қара](#))

«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін, Қоғам қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату талаптарын және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа жағдайларды белгілейді.

**1-бап
АНЫҚТАМАЛАР**

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) 1.1-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

1.1. Жарғыда бас әріппен көрсетілген және осы Жарғыда өзге анықтамасы жоқ әрбір терминнің келесі мағынасы бар:

«Лауазымды тұлға» - Қоғамның Директорлар кеңесінің және/немесе Басқарма мүшелері.

«Жалғыз акционер» - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы.

«Заң» - «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының [Заңы](#);

«Инвестициялық жоба» - Қоғам есебінен қаржыландырылатын, Жобалау компаниясының құнын арттыруға, өнімдер мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің көлемі мен сапасын арттыруға, шикізат пен материалдарды қайта өңдеуді тереңдетуге, жоғары технологиялық өнімдер шығаруға, инфрақұрылымдық объект құруға бағытталған іс-шаралар кешенінен құралған инвестициялық жоба;

«Қоғамның жанама қатысуы» - Қоғамның заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерімен) және/немесе Қоғамға акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) тікелей тиесілі Қазақстан Республикасының, шетел елдердің немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнамасына сәйкес құрылған тұлғалар



арқылы заңды тұлға құрмаған кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың өзге де нысандарының акцияларын иеленуі;

«Қоғам» - «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы;

«Жобалау компаниясы» - Қоғам тікелей инвестициялар қоры арқылы қаржыландырған заңды тұлға;

«Жарғы» - Қоғамның осы жарғысы;

«Басқарушы компания» - Тікелей инвестициялар қорының мүлкін басқару жөнінде қызметтер көрсететін заңды тұлға;

«Тікелей инвестициялар қоры» - заңды тұлға және/немесе заңды тұлға құрмай-ақ өзге де ұйымдық-кәсіпкерлік қызмет нысандарының жарғылық капиталдарына тікелей немесе жанама қатысу, қарыздар беру және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен сатып алу арқылы ақшаны және өзге де мүлікті одан әрі тек инвестициялау мақсатында тартуды және жинақтауды жүзеге асыратын заңды тұлға, немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың басқа нысаны түрінде Қазақстан Республикасының, шетел елдердің немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнамасына сәйкес құрылған ұйым.

2-БАП

АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1 Қоғамның толық атауы:

Қазақ тілінде: «Қазына Капитал Менеджмент» Акционерлік қоғамы;

Орыс тілінде: Акционерное общество «Қазына Капитал Менеджмент»;

Ағылшын тілінде: Kazyna Capital Management Joint Stock Company.

Қоғамның қысқартылған атауы:

Қазақ тілінде: «ҚКМ» АҚ;

Орыс тілінде: АО «ККМ»;

Ағылшын тілінде: KCM JSC.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2018.11.05. № 18/18 шешімімен (бұр.ред.қара); «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен (бұр.ред.қара) 2.2-тармақ жаңа редакцияда

2.2 Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А ғимараты, 8-қабат.

3-БАП

ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

3.1 Қоғам акционерлік қоғам нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады.

3.2 Қоғам оны мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады. Қоғам шектелмеген мерзімге құрылған.

3.3 Қоғамның өз атауы бар мөрі, бланкілері және өз қызметін іске асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

3.4 Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.

3.5 Қоғам ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3.6 Қоғамның өз тауарлық белгісі мен басқа символикасы болуы мүмкін.



4-БАП

ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуы және іске асыруы және өзіне міндеттемелерді алуы мүмкін.

4.2 Қоғам толық тәуелсіз, өзін өзі басқарушы болып табылады, Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары болады, Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

4.3 Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

4.4 Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4.5 Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімдер, келісімшарттар) жасап, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді сатып алуы, сотта талапкер немесе жауапкер болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді іске асыруы мүмкін.

4.6 Қоғам күзетшілік құжаттарды, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып алуы және ұсынуы мүмкін.

4.7 Қоғам бағалы қағаздарды шығара алады, олардың шығарылуы, орналастырылуы, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген.

4.8 Қоғам еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды құруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталы мен қызметіне осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте қатысуға құқылы.

4.9 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша олар туралы Ереженің негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасында және шетелде өз филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға меншікті мүлік есебінен негізгі және айналым қаражатын бөліп бере алады және олардың қызмет тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғамның балансында есептеледі.

4.10 Филиалдар немесе өкілдіктердің қызметін басшылық етуді Қоғам Басқармасы тағайындаған тұлғалар іске асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғамның берген сенімхаты негізінде әрекет етеді.

4.11 Қоғам қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Қоғамның қызметіне қатысты барлық мәселелерді өздігінен шешеді.

4.12 Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында белгіленген тәртіпте ұлттық және сол секілді шетел валютасында шоттар ашуға құқылы.

4.13 Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық, сол секілді шетелдік заңды тұлғалардан теңгемен және шетел валютасында қарыздар алуға және кредиттерді пайдалануға құқығы бар.

4.14 Қоғам Тікелей инвестициялар қоры және Инвестициялық жобалар үшін сарапшылар мен кеңес берушілерді белгіленген тәртіппен тартуға құқылы.



4.15 Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

4.16 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген басқа құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерді көтеруі мүмкін.

5-БАП

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

5.1 Қоғам қызметінің мәні - осы Жарғыда көзделген мақсаттарды орындау үшін осы Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес инвестициялық қызметті іске асыру болып табылады.

5.2 Қоғам қызметінің мақсаттары:

5.2.1 жалпы инвестициялық және инновациялық белсенділікті арттыруға көмектесу, Қазақстанның тікелей инвестициялар нарығын Тікелей инвестициялар қорына инвестиция құю арқылы дамыту;

5.2.2 бәсекеге қабілетті өндірістерді құру және экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мақсатында, Қазақстан экономикасының әртүрлі секторларындағы жекеменшік және мемлекеттік капиталдың өзара іс-әрекетінің тиімділігін арттыру;

5.2.3 тікелей инвестиция құю мен Тікелей инвестициялар қорларды басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибесін енгізу;

5.2.4 Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген қызметті іске асыру арқылы табыс алу;

5.2.5 Қоғамның инвестициялық портфелін тиімді құрылымдау арқылы активтерді әртараптандыру.

5.3 Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғам келесі қызмет түрлерін іске асырады:

5.3.1 Қазақстандағы және шет елдегі Тікелей инвестициялар қорына, Жобалық компанияларға, қаржы құралдарына инвестицияларды іске асыру;

5.3.2 қазақстандық және шетелдік Тікелей инвестициялар қорлары және Жобалық компаниялардың капиталына қатысу арқылы қаржылық инфрақұрылымдарды құру жолымен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

5.3.3 қазақстандық экономика мүддесінің тұрғысынан ең тиімді шетелдік активтерді Тікелей инвестициялар қорлары және Жобалық компаниялардың капиталына қатысу механизмі арқылы іріктеу, өнеркәсіптің стратегиялық саласында осындай активтерді сатып алу;

5.3.4 Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте уақытша бос ақшаны сыртқы және ішкі қаржы нарығында орналастыру;

5.4 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрлерімен айналыса алады, егер оған арналған кез келген қажетті арнайы рұқсаттар және/немесе лицензиялары бар болған жағдайда. Қоғамның онымен айналысуға лицензия қажет болатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеттілігі осындай лицензияны алған сәттен бастап туындайды және немесе заңнама тәртібімен белгіленген алып тастаған кезде, қолданылу мерзімі аяқталған кезде немесе жарамсыз деп танылған сәтте тоқтатылады.

6-БАП

ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ



6.1 Қоғам мүлкі:

6.1.1 Жалғыз акционердің Қоғам акцияларын төлеуге тапсырған ақшалары және басқа мүліктері;

6.1.2 Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған табыстар;

6.1.3 Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздерде сатып алынған өзге де мүлік есебінен қалыптастырылады.

7-БАП

ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ТАЛАПТАРЫ

7.1 Қоғам акциялар, Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын облигациялар және басқа да бағалы, оның ішінде туынды қағаздар шығаруды іске асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналымы мен өтеу шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар шығару және/немесе айналым елінің заңнамасымен айқындалады.

7.2 Қоғам тек жай акцияларды ғана шығарады.

7.3 Жалғыз акционерге жай акция Қоғамды басқаруға қатысуға құқығын, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс құқығын, Қоғамның таза табысы болған жағдайда дивидендтер алу, сондай-ақ Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қоғам мүлкінің бөлігін алу құқығын береді.

7.4 Қоғам акцияларын шығару құжаттамалық емес нысанда іске асырылады.

7.5 Акцияларды шығару, орналастыру, айналымының шарттары мен тәртібі, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Жарғы және акцияларды шығару проспектісі белгілейді.

7.6 Орналастырылатын акцияларға ақысына ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілерінің құқықтары) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 7.7-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7.7. Ақшадан басқа өзге мүлікпен ақы төлеу бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 7.8-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7.8 Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды орталық депозитарий жүзеге асырады.

7.9 Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілдікке мынадай жағдайларда ғана қабылдауы мүмкін, егер:

7.9.1 кепілдікке тапсырылып жатқан бағалы қағаздар толық төленген болса;

7.9.2 Қоғамға кепілдікке тапсырылып жатқан және кепілдікте тұрған акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғам орналастырған акциялардың жиырма бес пайызынан аспайтын болса;

7.9.3 Қоғамның Директорлар кеңесі бағалы қағаздардың кепілдігі туралы шартты мақұлдаған болса.

7.10 Қосымша қаражат тарту үшін Қоғам облигацияларды шығаруға құқылы.

7.11 Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымы, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі облигацияларды шығару және/немесе айналымға шығару елінің заңнамасында, облигациялар шығару проспектісінде және Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.



8-БАП

ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

8.1 Қоғамның таза табысы (бюджетке төленетін салықтарды және басқа міндетті төлемдерді төленгеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен анықталған тәртіпте бөлінеді.

8.2 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жыл қорытындысы бойынша егер Жалғыз акционер дивидендтерді төлеу туралы шешіміне сәйкес іске асырылады.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 8.3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8.3 Бірден бір акционер жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 8.4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8.4 дивидендтерді төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

8.4.1 қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;

8.4.2 дивидендтер төленетін кезең;

8.4.3 бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;

8.4.4 дивидендтерді төлеуді бастау күні;

8.4.5 дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;

8.4.6 төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).

8.5 Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

8.6 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

8.6.1 меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

8.6.2 егер Қоғам оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе ие көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 8.6.3-тармақшамен толықтырылды

8.6.3 Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» [Заңында](#) көзделген жағдайларда.

9-БАП

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1 Жалғыз акционер:

9.1.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

9.1.2 дивидендтер алуға;



9.1.3 Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Жалғыз акционер немесе Қоғам Жарғысында айқындалған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 9.1.4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

9.1.4 орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;

9.1.5 Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

9.1.6 Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен даулауға;

9.1.7 Заңда көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға тигізген залалдарын Қоғамға өтеу және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) мүддені көздейтін мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешімдерді қабылдау нәтижесінде олардың алған кірісін (табысын) Қоғамға қайтару туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

9.1.8 Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныспен жүгінуге және Қоғамға сұраныс түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9.1.9 Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9.1.10 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

9.1.11 Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

9.1.12 аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге;

9.1.13 Қоғам органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және осы Жарғыны бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;

9.1.14 Қоғамда тексерістер (ревизиялар) жүргізуге құқылы.

9.2 Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

9.3 Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген міндеттерді орындайды.

10-БАП

ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

10.1 Қоғамның органдары:

10.1.1 жоғарғы орган - Жалғыз акционер;

10.1.2 басқару органы - Директорлар кеңесі;

10.1.3 атқарушы орган - Басқарма;

10.1.4 Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды іске асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

11-БАП

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

11.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне тиісті мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Жалғыз акционердің Жарғысына сәйкес қабылдайды.



11.2 Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне тиісті мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Есеп беру кезеңі бойынша Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 11.3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

11.3 Жалғыз акционердің шешім қабылдауы үшін акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Басқарма, орталық депозитарий онымен жасалған шартқа сәйкес, Директорлар кеңесі, Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

11.4 Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне тиісті мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ұсынуға Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.

11.5 Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне тиісті басқа мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ұсынуға Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер бастамашылық етеді, ал ерікті түрде тарату процесінде Қоғамның тарату комиссиясында бастамашылық ете алады.

11.6 Қазақстан Республикасының заңнама актілері Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді міндетті ұсынған жағдайларды көздеуі мүмкін.

11.7 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді ұсыну бойынша шығындарды Қоғам көтереді.

11.8 Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат қамтылуы тиіс.

11.9 Қоғам органдары мүшелерін сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

11.9.1 аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша әкесінің аты;

11.9.2 білімі туралы мәліметтер;

11.9.3 Қоғамға қатысты үлестестігі туралы мәліметтер;

11.9.4 соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;

11.9.5 кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

11.10 Жалғыз акционердің қарауына Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселені ұсынған жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат жалғыз акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатыны-табылмайтындығы көрсетілуі тиіс.

11.11 Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне тиісті мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

11.11.1 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін;

11.11.2 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне аудиторлық есепті;

11.11.3 Директорлар кеңесінің Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есеп айырысуда бір жылдағы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын;

11.11.4 Жалғыз акционердің Қоғамның және олардың лауазымды тұлғаларының әрекетіне және олардың қарастыру нәтижелеріне жүгінулері туралы ақпарат;

11.11.5 акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне тиісті мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ұсынған бастамашының қалауы бойынша басқа да құжаттар.



11.12 Жалғыз акционердің шешімдерінің көшірмелерін Басқарма сақтауы және кез келген уақытта Жалғыз акционерге танысу үшін ұсынуы тиіс. Жалғыз акционердің талабы бойынша оған Жалғыз акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

12-БАП

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

12.1 Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

12.1.1 Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

12.1.2 Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

12.1.3 Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

12.1.4 Қоғамның жарияланған акциялар санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

12.1.5 Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібі, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

12.1.6 Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 12.1.7-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

12.1.7 орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 12.1.7-1 тармақшамен толықтырылды

12.1.7-1 есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

12.1.8 Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы және өтемақы төлеу мөлшерін және шарттарын белгілеу;

12.1.9 Қоғам Басқармасы Төрағасын сайлау, сонымен қатар оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

12.1.10 Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

12.1.11 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

12.1.12 есептік қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есеп айырысуда дивидендтің мөлшерін бекіту;

12.1.13 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

12.1.14 Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 12.1.15-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

12.1.15 Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды, тікелей инвестициялар қорларды құруға немесе олардың



қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың, тікелей инвестициялар қорлардың қатысушыларының (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

12.1.16 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 12.1.17-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

12.1.17 егер Қоғам Жарғысында мұндай тәртіп белгіленбесе, Бірден бір акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

12.1.18 Қоғамның «алтын акциясын» енгізу және күшін жою;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2018.19.12. № 56/18 шешімімен (бұр.ред.қара); «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен (бұр.ред.қара) 12.1.19-тармақ жаңа редакцияда

12.1.19 қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау, оның нәтижесінде Қоғам мәміле туралы шешім қабылданған күнгі құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін), нәтижесінде оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынады немесе иеліктен шығарылады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін).

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 12.1.19-1 тармақшамен толықтырылды

12.1.19-1 Қоғаммен мүдделігі бар ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;

12.1.20 Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды Жалғыз акционер белгілейтін тізбе бойынша бекіту;

12.1.21 Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындауы үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 12.1.22-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

12.1.22 Қоғамның Басқарма төрағасын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

12.1.23 Қоғамның жылдық есебін бекіту;

12.1.24 Қоғамға тексеріс (ревизия) тағайындау туралы шешімдер қабылдау;

12.1.25 заңнама және/немесе Жарғы бойынша Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне тиісті шешімдер қабылдануы жатқызылған өзге мәселелер.

12.2 Жарғы бойынша Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне тиісті мәселелер Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне тапсырылмайды, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе.

12.3 Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты Қоғамның өзге органдарының мәселелер бойынша кез келген шешімді жоюға құқылы.

13-БАП ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

13.1 Директорлар кеңесі - Заң және Жарғы бойынша Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне тиісті мәселелерді шешуді есептемегенде, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды іске асыратын Қоғамның басқару органы.



13.2 Директорлар кеңесі өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Жалғыз акционердің шешімдерін және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

13.3 Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 (бес) адамнан кем емес. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

13.4 Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын Қоғамның Директорлар Кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен Қоғамның Жалғыз акционерінің ұсынысын есепке ала отырып, ашық дауыс беру арқылы сайлайды.

13.5 Қоғамның Басқарма Төрағасынан басқасы, Қоғамның Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

13.6 Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің келесі:

13.6.1 Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері ретінде сайлануға айтылған (ұсынылған) тұлғалар қатарынан;

13.6.2 Қоғамның Директорлар кеңесіне Жалғыз акционерінің өкілі ретінде сайлануға айтылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалар қатарынан сайлана алады.

13.7 Төмендегі тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

13.7.1 жоғары білімі жоқ тұлға;

13.7.2 өтелмеген немесе соттылығы заңда белгіленген тәртіпте алынбаған тұлға;

13.7.3 күштеп тарату немесе акцияларды күштеп сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдағанға дейін кемінде бір жыл кезеңінде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлғалар. Аталған талап белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

13.8 Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сайланатын кандидаттың оның міндеттерін орындау және Қоғамның Жалғыз акционерінің мен Қоғамның мүддесінде барлық Қоғамның Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері мен іскерлік және салалық ортада мінсіз абыройы болуы керек.

13.9 Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы келесідей функцияларды:

13.9.1 Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыруды;

13.9.2 Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуді;

13.9.3 Қоғамның Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз етуді;

13.9.4 Қоғамның Жалғыз акционерімен тиімді байланысты қамтамасыз етуді іске асырады.

13.9.5 Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерінің негізінде Қоғамның тәуелсіз директорлары - Директорлар кеңесі мүшелерімен шарт жасасады. Егер Директорлар кеңесінің Төрағасы тәуелсіз директор болып табылса, Жалғыз акционердің уәкілетті тұлғасы немесе басқа уәкілетті тұлға тәуелсіз директорлармен шарт жасасады;

13.9.6 Қазақстан Республикасы заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген басқа да қызметтерді атқарады.

13.10 Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі іске асырады.

13.11 Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 13.12-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)



13.12 Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамашылығы бойынша жазбаша хабарлама негізінде іске асырылады.

Егер хабарламада Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Қоғамның Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап Қоғамның Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі тоқтатылады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлауды Қоғамның Бірден бір акционері жүзеге асырады, бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

13.13 Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қоғамның Жарғысында көзделмесе, шектеусіз қайта сайлана алады. Тәуелсіз директорлар кемінде үш жыл мерзімге сайланады, одан әрі, олардың қызметтерін қанағаттанарлық бағалаған жағдайда, тәуелсіз директорлар үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан аса мерзімге тәуелсіз директорларды сайлаудың кез келген мерзімі директорлар кеңесінің мүшесінің қызметін бағалау нәтижелері және жұмысының нәтижелерін, сонымен қатар Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін есепке алғанда, ерекше қарастыруға жатады. Тәуелсіз директорлар құрамының бір тұлғасы қатарынан тоғыз жылдан астам директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда тоғыз жылдан астам уақытқа сайлауға жол беріледі, сонымен бірге директорлар кеңесінің аталған мүшесін сайлау қажеттілігін және аталған деректің қабылданған шешімнің тәуелсіздігіне ықпал етуін толық түсіндіргенде, ондай тұлғаны директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе басқа мерзімде болады.

13.14 Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша немесе:

13.14.1 Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

13.14.2 ішкі аудит қызметінің;

13.14.3 Қоғамның аудитін іске асырушы аудиторлық ұйымның;

13.14.4 Қоғамның Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша шақырылады.

13.15 Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламасын жіберу арқылы ұсынылады:

13.15.1 Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақыртудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы;

13.15.2 Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі.

13.16 Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің немесе Басқарманың Төрағасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

13.17 Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама «алтын акция» иесіне (ол енгізілген жағдайда) отырыстың күнін, уақытын, орнын және күн тәртібін, отырысты өткізу тәртібін көрсете отырып, отырысқа дейін 10 (он) күннен жазбаша түрде кешіктірмей жіберіледі.



13.18 Директорлар кеңесінің мүшесі егер ол Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтын болса, Басқармаға және Директорлар кеңесінің Төрағасына немесе оны алмастыратын Директорлар кеңесінің мүшесіне немесе Қоғамның корпоративтік хатшысына алдын ала хабарлауға міндетті.

13.19 Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кем дегенде жартысын құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысты конференц-байланысты, телефон байланысын қолдану арқылы өткізеді.

13.20 Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғының [13.19-тармағында](#) анықталған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселелерін ұсынуға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері сондай мәселені Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына ұсыну туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

13.21 Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысушы (сырттай дауыс беруге қатысушы) мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

13.22 Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығы өзге тұлғаға берілуі мүмкін емес.

13.23 Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

13.24 Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысы туралы шешім қабылдауына құқылы, оған Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

13.25 Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады.

13.26 Директорлар кеңесінің отырыста қабылданған, күндізгі тәртіпте өткізілген шешімдері дауыс беруде отырған/қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелері, және Корпоративтік хатшының барлығы қол қойған, соңғы болмаған жағдайда - Қоғамның уәкілетті тұлғасы қол қойған хаттамамен рәсімделеді. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында дауыс берудің күндізгі және (немесе) сырттай нысанында шешімдерді өткізу, қабылдау және рәсімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.

13.27 Директорлар кеңесінің дауыс беруге арналған өздерінің бюллетеньдерін бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталу күнінен кешіктірмей тапсырған мүшелері сырттай дауыс беруге қатысқандар болып саналады.

13.28 Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері және Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстары бойынша хаттамалары Қоғамда сақталады.

13.29 Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің өзінің қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен расталған үзінділерін беруге міндетті.

13.30 Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттемелерін орындау кезеңінде сыйақылар төленуі және (немесе) мемлекеттік қызметші немесе Жалғыз акционердің Өкілі болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерін қоспағанда, олардың Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын атқаруымен байланысты шығындары өтелуі мүмкін. Осындай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.



13.31 Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне нұсқауларды әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

13.32 Директорлар кеңесінің комитеттерін құру тәртібі мен жұмыстары, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

14-БАП ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

14.1 Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

14.1.1 Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғам дамуының стратегияларын анықтау, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылу мониторингі;

14.1.2 Қоғамның даму жоспарын бекіту, сонымен қатар өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылу мониторингі;

14.1.3 «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

14.1.4 Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

14.1.5 Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

14.1.6 Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сонымен қатар Директорлар кеңесінің комитеттері мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2021.29.12. № 70/21 [шешімімен](#) ([бұр.ред.қара](#)) 14.1.7-тармақ жаңа редакцияда

14.1.7 Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің, омбудсменнің жұмысы туралы есептерді бекіту;

14.1.8 Қоғамның облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;

14.1.9 Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін анықтау, Басқарма Төрағасын қоспағанда, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ Басқарма Төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

14.1.10 орналастыру (өткізу), соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды есептемегенде, жарияланған акциялар шегінде, орналастырылған (өткізілген) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) 14.1.11-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

14.1.11 Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы мен сыйақы төлеудің шарттарын айқындау;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) 14.1.12-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

14.1.12 ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелеріне еңбекақы және сыйақы төлеудің шарттары мен сыйақы мөлшері айқындау;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) 14.1.13-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))



14.1.13 корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2018.19.12. № 56/18 шешімімен 14.1.13-1-тармақшамен толықтырылды

14.1.13-1 Қоғам омбудсменін тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 14.1.13-1-тармақшамен толықтырылды; «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.29.12. № 70/21 шешімімен 14.1.13-1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

14.1.13-2 сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерінің өкілеттіктерін тағайындау және тоқтату, оның қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің мөлшері мен өзге де шарттарын айқындау;

14.1.14 қаржы есептілігі аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар ірі мәміленің мәні болып табылатын немесе Қоғамның акцияларына төлемге берілген мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;

14.1.15 Директорлар кеңесі анықтайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционер және Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттарды есептемегенде), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу және аукциондар өткізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14.1.16 тәуекелдерді басқару (тәуекелдерді басқару саясаты; тәуекелдер тізілімі; тәуекелдер картасы; сыни тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары; бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылау матрицасы; тәуекел-тәбеттің көрсеткіштері; тәуекелдердің негізгі индикаторлары; тәуекелдер бойынша есептер) Қоғамның ішкі құжаттары мен рәсімдерін бекіту;

14.1.17 Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктерін құру мен жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 14.1.18-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

14.1.18 Басқа заңды тұлғалардың, Тікелей инвестициялар қорлардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын Қоғамның сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 14.1.18-1, 14.1.18-2, 14.1.18-3 тармақшамен толықтырылды

14.1.18-1. Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайызға дейін құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау

14.1.18-2 Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайызға дейінгі сомасын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның жаңадан құрылатын және/немесе қолданыстағы Тікелей инвестициялар қорларына қатысу, немесе қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау, сондай-ақ Қоғамның Тікелей инвестициялар қорлардың құрылтай құжаттарын (қажет болған жағдайда) немесе оларға тікелей немесе жанама қатысушының келесі басты талаптарын (параметрлерін) қарау және бекіту;



- Тікелей инвестициялар қорының атауы;
- Басқарушы компанияның атауы және Тікелей инвестициялар қорын басқару үшін комиссия мөлшері;
- инвестиция мақсаты (сала және география);
- инвестициялар сомасы және Қоғамның Тікелей инвестициялар Қорына қатысу үлесі;
- кірістіліктің минималды мөлшерлемесі;
- Тікелей инвестициялар қорының, инвестициялық кезеңді қоса алғанда, әрекет ету мерзімі;»;

14.1.18-3 Қоғамның Тікелей инвестициялар қоры арқылы Қоғамның инвестициялық портфелінің баланстық құнының бес пайызынан асатын мөлшерде Жобалаушы компанияларды (Қоғамға және (немесе) Жалғыз акционердің еншілес ұйымына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) кемінде елу пайызы) қаржыландыруының негізгі шарттарын (сомасы, қайтарым / сыйақы мөлшерлемесі, мерзімі, қаржыландыру, қатысу үлесінің мөлшері) бекіту және (немесе) өзгерту;

14.1.19 заңды тұлғаның, сонымен қатар әртүрлі ұйымдастыру-құқықтық нысандағы басқа тұлғаның, соның ішінде он және одан көп акцияларының пайызы (қатысу, соның ішінде жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі Тікелей инвестициялар қорлары акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

14.1.20 Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

14.1.21 Қоғам және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

14.1.22 Қоғамның Жалғыз акционері Заңға сәйкес жасасу туралы шешім қабылдайтын ірі мәмілелерді есептемегенде, жасалуында Қоғамның мүддесі бар ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

14.1.23 Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 14.1.24-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

14.1.24 Бірден бір акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

14.1.25 Қоғамның жеке әкімшілік шығындарының түрлі нормативтерінің және өзге лимиттерінің жеке түрлерін бекіту;

14.1.26 Қоғамның Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктеріне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

14.1.27 «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен алып тасталды (бұр.ред.қара)

14.1.28 Қоғамның орындауы үшін оның қызметі мәселелері бойынша тікелей (жедел) тапсырмаларды беру, оларды орындау нәтижелерін қарастыру;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен (бұр.ред.қара); 2021.29.12. № 70/21 шешімімен (бұр.ред.қара) 14.1.29-тармақ жаңа редакцияда

14.1.29 атқарушы органның мүшелерін (атқарушы органның басшысын қоспағанда), ішкі аудит қызметінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлерін, корпоративтік хатшыны материалдық және (немесе) тәртіптік жауаптылыққа тарту, жұмыстан шеттету, сондай-ақ тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

14.1.30 Қазақстан Республикасы заңнамасында және/немесе Жалғыз акционердің айрықша құзыретін жатпайтын Қоғамның Жарғысында көзделген өзге мәселелер.



14.2 14.1.19-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді Қоғамның Директорлар кеңесі аталған заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушылары) жалпы жиналыстарында Қоғамның уәкілетті өкілдерінің әрі қарай дауыс беруі мақсатында Қоғамның акционер (қатысушы) ретінде позициясын анықтау үшін қабылдайды.

14.3 Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді Директорлар кеңесі шешу үшін Басқармаға тапсыра алмайды.

14.4 Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

15-БАП ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

15.1 Қоғамның ағымдық қызметіне жетекшілік етуді Қоғамның алқалық атқарушы органы - Басқарма іске асырады, ол кем дегенде 3 (үш) мүшеден тұрады, оны Басқарма Төрағасы басқарады.

15.2 Басқарма Директорлар кеңесі мүшелері не оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде Қоғамның қызметі туралы, соның ішінде құпия сипаттағы ақпараттарды сұрау алғаннан күннен бастап он күннен кешіктірмей уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

15.3 Басқарма Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

15.4 Басқарма қызметін Директорлар кеңесі бақылайды, Басқарма Директорлар кеңесіне осы Жарғыда, Жалғыз акционердің және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте Қоғам қызметі туралы есептерді ұсынады.

15.5 Басқарма осы Жарғыда көзделген белгіленген тәртіпте тағайындалған Төрағадан және Басқарма мүшелерінен тұрады.

15.6 Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері болып табылады. Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

15.7 Басқарма Төрағасының басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке-дара іске асыратын тұлғаның немесе атқарушы орган басшысының лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

15.8 Басқарма мүшелері Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық ету, Басқарма Төрағасын ақпараттандыру жолымен немесе басқа қолжетімді амалдармен Қоғамның қызметін оңтайландыру, залалды болдырмау үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

15.9 Басқарма мүшелері өздері жетекшілік ететін мәселелер бойынша істердің жағдайы туралы Басқарма төрағасын тұрақты ақпараттандырады.

15.10 Басқарма мүшесінің басқа да функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, сонымен қатар Қоғамның аталған тұлғамен жасалған еңбек шартында айқындалады.

15.11 Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері ерікті түрде отставкаға кеткен жағдайларда, Қоғамның уәкілетті органының шешімімен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

15.12 Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартын Директорлар кеңесінің Төрағасы, ал Басқарма мүшелерімен Қоғамның Басқарма Төрағасы жасасады.

15.13 Басқарма отырысын шақыру және өткізу тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарында реттеледі.

15.14 Басқарма шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауыстары арқылы қабылданады.



15.15 Басқарма отырысын өткізуге арналған кворум Басқарманың сайланған мүшелерінің кем дегенде жартысын құрайды.

15.16 Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма Төрағасының немесе Басқарма отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

15.17 Басқарма отырысында мәселелерді шешу кезінде Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие болады.

15.18 Қоғамның Басқарма мүшесі дауыс құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге рұқсат етілмейді.

15.19 Шешімдерді жедел қабылдау мақсатында, Басқарма отырыстары Қоғам кеңсесінен тыс жердегі Басқарма мүшелерімен және Басқарма отырысына қатысуға ниет білдіргендермен тиісті байланыс құралдарын (аудио, видео) пайдаланып селекторлық жиналыс арқылы ұйымдастырылуы мүмкін. Сонымен бірге Басқарманың алдағы отырыстарына арналған барлық материалдар Басқарманың қатыспайтын мүшелеріне белгіленген тәртіпте жіберіледі.

15.20 Қоғам Басқармасының шешімдері отырыста болған барлық Қоғам Басқармасының мүшелері, соның ішінде отырысқа қатысқан, бірақ Қоғамның орналасқан жерінен тыс жерде жүрген Қоғам Басқармасының мүшелері қол қойылуы және дауыс беруге ұсынылған мәселелер, сол бойынша әр сұрақ бойынша Қоғам Басқармасының әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесімен көрініс тапқан дауыс беру нәтижелері қамтылуы тиіс хаттамамен рәсімделеді.

15.21 Қоғамның Басқарма Төрағасы:

15.21.1 Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

15.21.2 Қоғамның атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында сенімхатсыз әрекет етеді;

15.21.3 оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғамды көрсету құқығына сенімхаттар береді;

15.21.4 Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бөледі;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.29.12. № 70/21 [шешімімен 15.21.5-тармақ жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#)

15.21.5 Басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлерін және Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда, Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза тағайындайды, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелерін, Қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі және Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

15.21.6 «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

15.21.7 Қоғам атынан Қазақстан Республикасы заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте мәмілелер жасау туралы шешім қабылдайды және мәміле жасайды;

15.21.8 Қоғамның сатып алу жоспарын (сатып алудың ұзақ мерзімді жоспарын қоспағанда), сонымен қатар оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

15.21.9 Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерімен Қоғамның Жалғыз акционері шешімдері негізінде шарт жасайды;



«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.29.12. № 70/21 шешімімен 15.21.10-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

15.21.10 Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма мүшелерімен, корпоративтік хатшымен, Ішкі аудит қызметінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады;

15.21.11 өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктейді;

15.21.12 өзінің құзыреті шегінде Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

15.21.13 Қазақстан Республикасы заңнамасында, осы Жарғыда, Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде, осы органдар құзыреттілігіне тиісті мәселелерді есептегенде, анықталған өзге де функцияларды іске асырады.

16-БАП БАСҚАРМА ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

16.1 Басқарманың айрықша құзыретіне келесідей мәселелер жатады:

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.29.12. № 70/21 шешімімен 16.1.1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

16.1.1 Жарғының 14.1-тармағының 12.1.3, 12.1.8, 12.1.9, 12.1.21, 12.1.22, 12.1.24 12.1 тармағының, 14.1.6, 14.1.7, 14.1.9, 14.1.11, 14.1.12, 14.1.13, 14.1.13-2 14.1.28 тармақшаларында санамаланған мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің және/немесе Қоғам директоры Кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала қарау;

16.1.2 салықтық есепке алу саясатын бекіту;

16.1.3 есепке алу саясатын бекіту;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 16.1.4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

16.1.4 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі құжатты бекіту;

16.1.5 Қоғамның бекітілген даму жоспары және оны түзетулер шеңберінде Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 16.1.6-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

16.1.6 Директорлар Кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы санының шеңберінде штаттық кесте мен ұйымдастырушылық құрылымды бекіту. Дегенмен, қолданыстағы бизнес-процестердің және (немесе) бағыттардың пайда болу және (немесе) бас тарту жағдайларын қоспағанда; қайта құру, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілген өзгерістер, жаңа мемлекеттік бағдарламаларды бекіту немесе қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға толықтырулар және (немесе) толықтырулар енгізу қоспағанда, ұйымдық құрылымды күнтізбелік жылда бір реттен асырмай өзгертуге жол беріледі;

16.1.7 Қоғамның жедел қызметін басқаруды іске асырады, Жалғыз акционер және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды қамтамасыз ету;

16.1.8 Жалғыз акционердің және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Жарғыда бекітілген құжаттарды есептегенде, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту;



16.1.9 «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

[«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен \(бұр.ред.қара\); 2021.29.12. № 70/21 шешімімен \(бұр.ред.қара\) 16.1.10-тармақ жаңа редакцияда](#)

16.1.10 еңбекақы, сыйақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету туралы қағидаларды, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің (Басқарма Төрағасы мен мүшелерін, ішкі аудит қызметін, Қоғамның корпоративтік хатшысын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті қоспағанда) лауазымдық айлықақыларының схемасын бекіту;

16.1.11 демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

16.1.12 Қоғамның Басқармасы жанында комитеттер (комиссиялар) құру, құрамын анықтау, олар туралы қағидаларды бекіту;

[«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2018.19.12. № 56/18 шешімімен \(бұр.ред.қара\); «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен \(бұр.ред.қара\) 16.1.13-тармақ жаңа редакцияда](#)

16.1.13 Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, қоғамның міндеттемелерін қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызына дейінгі және өзге де мәмілелер жасасуды құрайтын шамаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;

[«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.09.06. № 29/21 шешімімен 16.1.14-тармақ жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#)

16.1.14 Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның Жарғысына сәйкес, он пайыздан аз акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаға немесе Тікелей инвестициялар қорларына қатысты акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асыру;

16.1.15 Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге байланысты басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

16.2 16.1.14-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді Қоғам Басқармасы заңды тұлғалардың, сонымен қатар әртүрлі ұйымдастыру-құқықтық нысандағы басқа тұлғаның, соның ішінде он және одан көп пайыздық акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі Тікелей инвестициялар қорлары жалпы жиналыстарында Қоғамның уәкілетті өкілдерінің әрі қарай дауыс беруі мақсатында Қоғамның акционер (қатысушы) ретінде позициясын анықтау үшін қабылдайды.

17-БАП ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

17.1 Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды іске асыру үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады.

17.2 Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрамына сайлана алмайды.

17.3 Ішкі аудит қызметінің басшысы және мүшелерін Қоғамның Директорлар кеңесі лауазымға тағайындайды. Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

17.4 Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және олардың алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.



17.5 Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, міндеттері, функциялары, құқықтары, жауапкершілігі, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалады.

17.6 Қоғамның қызметкерлері Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды іске асыру кезінде Қоғамның ішкі аудит қызметіне барынша көмектесуге міндетті.

17.7 Қоғам мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен реттеледі. Қоғамның атынан Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен Еңбек шартына Қоғамның Басқарма Төрағасы қол қояды.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2021.29.12. № 70/21 [шешімімен 17-1-баппен толықтырылды](#)

17.7-1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін Қоғамның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесі құрады.

17.7-2 Тәуелсіздік пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қоғамның қызметі болып табылады, ол Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

17.7-3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлері Қоғамның және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде қоғамға тиесілі ұйымдардың Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайлана алмайды.

17.7-4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі актімен айқындалады.

17.7-5 Қоғам мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының [заңнамасымен](#) және осы жарғымен реттеледі.

18-БАП

ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

18.1 Қоғамның лауазымды тұлғалары:

18.1.1 өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесін біршама дәрежеде көрсететін әдістерді қолданады;

18.1.2 Қоғамның мүлкін пайдалануға немесе оны Жарғыға, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қарсы пайдалануға, сондай-ақ жеке мақсаттарында және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде асыра пайдалануға тиісті емес;

18.1.3 тәуелсіз аудит жүргізуді есептегенде, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

18.1.4 Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуы мен ұсынылуын бақылайды;

18.1.5 Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялығын сақтауға, егер өзгесі Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленбесе, соның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға.

18.2 Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамның және Жалғыз акционердің алдында олардың әрекетінен (әрекетсіздігінен) келтірілген залал үшін, соның ішінде:

18.2.1 адасуға әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат ұсыну;



18.2.2 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу;

18.2.3 олардың адал емес әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздігінің нәтижесінде Қоғам шығындарының туындауына соқтырған, соның ішінде Қоғаммен сондай мәмілелер жасау нәтижесінде кірісті (табысты) олардың алуы немесе олардың үлестес тұлғаларының алуына соқтырған мүдделі ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау және (немесе) мәміле жасауға ұсыныстар айту.

18.3 Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде лауазымды тұлғаға оның Қоғамға келтірген зиянын не залалдарын Қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды тұлға адал емес әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген жағдайда, Қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған жасалуында мүдделілік бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелерді жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған кірісті (табысты) лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

18.4 Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәмілені жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Қоғамның лауазымды тұлғалары, егер Қоғамға не Жалғыз акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған Қоғамның органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.

19-БАП ЕСЕП, ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ АУДИТ

19.1 Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес іске асырылады.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 19.2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

19.2 Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген тәртіппен және мерзімде жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы [Заңының](#) және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы [Заңының](#) талаптарына сәйкес Бірден бір акционердің және инвесторлардың назарына жеткізіледі.

19.3 Жасалуында мүдделілік бар ірі мәміле және (немесе) мәміле туралы ақпарат қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сонымен қатар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының [Заң](#) талаптарына сәйкес Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына жеткізіледі.

19.4 Нәтижесінде қоғамның активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімі мен шарттары, қатыстырылған тұлғалардың



қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сонымен қатар мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

19.5 Басқарма жыл сайын Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы [заңнамасына](#) сәйкес аудит жүргізілген өткен жылдың жылдық қаржылық есептілігін оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржы есептілігінен басқа, Басқарма Жалғыз акционерге аудиторлық есепті ұсынады.

19.6 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі оны Жалғыз акционердің қарауына ұсыну күніне дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Жалғыз акционердің шешімімен жүргізіледі.

19.7 Қоғам жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүргізуге міндетті.

19.8 Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғамның есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, сонымен бірге Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өздігінен анықтауға құқылы.

20-БАП АҚПАРАТТЫ АШУ

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 20.1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

20.1 Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) және Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашуды жүзеге асыруға міндетті.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 20.2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

20.2 Қоғам Бірден бір акционерге және/немесе директорлар Кеңесінің мүшелеріне қоғамның барлық құжаттарына, оның ішінде қаржылық құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Басқарма құжаттарды танысу үшін Бірден бір акционерге және/немесе директорлар кеңесінің мүшесіне олардан жазбаша сұрау салуды алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

20.3 Жалғыз акционер, Директорлар кеңесінің мүшелері және Қоғамның басқа лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қоғамнан алған барлық ақпараттарға қатаң құпия ретінде және тек Қоғамның мүддесімен ғана қарауы тиіс әрі егер осындай ашуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары талап етпесе немесе осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен санкцияланбаса мұндай ақпаратты үшінші тұлғаға ашпауы тиіс.

20.4 Қоғам өзінің міндетті жариялануға жататын хабарламалары мен ақпараттарын жариялау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталатын бұқаралық ақпарат құралдарын және Қоғамның корпоративтік веб-сайтын пайдаланады.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2019.28.08. № 42/19 шешімімен 20.5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

20.5 Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

20.6 Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар акцияларды сатып алу күнінен бастап немесе тұлғаларды үлестес деп тануға арналған негіздеме пайда болған (жоғалу) күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға ұсынуға міндетті.



20.7 Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғалары үлестестік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға ұсынады.

20.8 Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұрын үлестес деп көрсеткен тұлғасы мұндай болуды тоқтатқан жағдайда, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұл туралы Басқарма Төрағасына бес күндік мерзімде хабарлайды.

20.9 Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамға бағалы қағаздар нарығын реттеу мен бақылауды іске асыратын мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша беріледі.

21-БАП ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАЙТА ҚҰРУ МЕН ТОҚТАТУ

21.1 Қоғамды қайта құру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.

21.2 Қоғам Жалғыз акционердің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер бойынша соттың шешімімен ерікті түрде таратылуы мүмкін.

21.3 Ерікті таратылған жағдайда Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешуі үшін Қоғамды тарату және тарату комиссиясын тағайындау туралы мәселені қояды.

21.4 Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған оның тарату және әрекеттер жасау кезеңінде Қазақстан Республикасы заңнамасында анықталған тізбесі Қоғамның басқару бойынша барлық өкілеттіктері өтеді.

21.5 Тарату комиссиясы Қоғамды таратуды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

22-БАП ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

22.1 Егер осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып қалса, онда қалған ережелердің жарамсыздығына әкеліп соқтырмайды. Қажет болған жағдайда осы Жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

22.2 Осы Жарғыға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша рәсімделеді және тіркеу немесе қайта тіркеу үшін (егер Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркеу/қайта тіркеу қажет болса) Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына ұсынылады, және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

22.3 Осы Жарғыда реттелмеген барлық жағдайларда, Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

22.4 Осы Жарғы үш түпнұсқалық данада, орыс және мемлекетті тілдерде жасалды және қол қойылды.

22.5 Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерде қарама-қайшылықтар болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.



Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының жарғысы («Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 32/17 шешімімен бекітілді)
(2021.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 16.08.2017 г.



Лист согласования

ФИО	Должность	Решение	QR
Бейсева Асель	Руководитель службы Служба правового обеспечения операционной деятельности	Подписано	

